

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 қараша 1994 ж. N 1264. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 30 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне бас директордың 1 орынбасарын, сондай-ақ 5 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің орталық аппараты үшін қызметтік 2 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 14 қарашадағы
N 1264 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы
жөніндегі агенттігі орталық аппаратының

Құрылымы

Ядролық қауіпсіздік бөлімі (жетекші)

Ядролық және екі мақсатта қолданылатын материалдарға
мемлекеттік есеп пен бақылау жүйесі бөлімі (жетекші)

Ғылыми-техникалық бөлім (жетекші)

Радиология және радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бөлімі
(ж е т е к ш і)

Физикалық қорғау және тәртіп-құпия жұмыс жөніндегі бөлім
(ж е т е к ш і)

Қызмет көрсету, қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі (дербес)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК